

АРХИТЕКТУРАЛЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

Орындаған: Қасенбай Р
Уқан Г

РДиГБ 14-12

Колизей

Флавилер амфитеатры (лат. Amphitheatrum Flavium) немесе Колизей (лат. Colosseum, итал. Colosseo)

— амфитеатр, Ежелгі Римдегі архитектуралық ескерткіш (біздің заманымыздың 75 — 80 ж.). Құрылыс тас кесек, кірпіш және түрлі бетон қоспаларынан салынған.

Колизей амфитеатры гладиаторлар шайқасы мен цирк ойындарын тамашалау мақсатында тұрғызылған.

Ортада ойын көрсететін алаңы, айнала сатылап жоғарылай беретін 4 қабатты орындықтары болған (50 мыңдай адам сыйған). Отыратын орындар мәрмәр тастармен көмкеріліп, қасбеттері түрлі мүсіндермен толтырылған. Колизей — Ежелгі Рим амфитеатрларының ең ірісі және ежелгі дәуір өнерінің көрнекті ескерткіші.





Ежелгі римдегі Колизей стадионы ойындары тамашалау үшін жиналған адамдарға лық толатын. Ойындар қазіргі түсініктегідей спорт болып саналған жоқ, бірақ ол кездерде адам мен жануар арасында өліміші болғанға дейін шайқастын қойылымдар да болды. Адамдар гладиаторлар (арнайы жаттықтырылған жасуынгерлер) арасындағы немесе ерлер мен жануарлар арасындағы шайқастарды тамашалауға келетін. Мұнда тіпті аңшылықтың және тіпті алаң суғатолтырылып, теңіз шайқастарының көріністері көрсетілетін





Әлемнің жаңа жеті кереметінің қатарындағы Колизей күллі Италия елінің мақтанышына айналды. Дүниежүзіндегі ең үлкен амфитеатр саналатын

Ежелгі Рим кезеңіндегі атақты мекен сол кездегі сәулет өнерінің бірегей үлгісі. Құрылыс кезінде аркалар мен бағаналар коринфей, ионикалық және дорикалық бағытта салынған. Колизей театрының алғашқыда «Флавия Амфитеатры» деп аталды. Флавей әулетінің көсемі, император Веспасиан бұйрығымен Колизей театрының құрылысы басталған болатын. Өкінішке орай, император Веспасиан театр құрылысының аяқталып, ашылу салтанатын көре алмай кетті. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, театр ашылу салтанатын атап өту 100 күнге созылды. Амфитеатр маңында Колосса алып мүсіні орналасқандықтан, кейін театр атауы Колизей деп өзгертілді. Колизейде бір сәтте 50 мыңға жуық адам сыятын. Ғимарат төрт қабатты болатын. Алдыңғы үш қабаты кең аркалы, ал төртінші қабаты тік бұрышты. Әр қабат биіктігі 10-13 метрге жететін, ал ғимараттың жалпы биіктігі 44 метрді құрайтын.

Амфитеатр аренасының өлшемі 45x79 метр, іші құмға толы болатын. Арена жан-жағы тұрғындардың қауіпсіздігі үшін тормен қапталған. Ғимарат іргетасы мәрмәр кесектерден қаланды. Ішкі қабырғалардың құрылысына травертин тастары пайдаланылды. Ал өрнектер үшін кірпіш пен тау жыныстарынан қашалды.





AirPano

THE WORLD'S LARGEST INDOOR STADIUM

AIR-PANO
WWW.AIR-PANO.COM

Құрылысқа 100 мың куб метр мәрмәр пайдаланылды. Оны құрылыс алаңына екі жүзден астам өгіз-арба жеткізіп тұрды. Қазіргі таңда Колизей Рим қаласының көне көрікті мекендерінің бірі. Жыл сайын көне амфитеатрды өз көзімен көру мақсатында жердің түкпір түкпірінен туристтер ағылады. Италия басшылығы Колизейге тарихи ескерткіш деп қарайды. Мұнда қоғамдық іс-шараларды, мерекелік дәстүрлі қойылымдарды ұйымдастыруға рұқсат берілмейді.





Пиза мұнарасы



Пиза мұнарасы (итал. *Torre pendente di Pisa*) — 12-14 ғасырлардағы Италиядағы роман-готика архитектурасының ескерткіші. Пиза мұнарасы Пиза қаласында орналасқан. Мұнара дүние жүзіне “құлағалы тұрған мұнара” атағымен белгілі. Мұнараның құлай бастауы 1173 — 74 жылдары арх. Боннанның алғашқы үш қабатын салған кезінен басталды. 1275 жылы арх. Джованни ди Симони құрылыс жұмыстарын қайта жаңғыртып, бесінші қабатқа дейін көтерді. 1350 жылы арх. Томазо ди Андреа мұнара құрылысын аяқтап, қола шатырмен жапты. Осылайша Пиза мұнарасы сегіз бұрышты, 11 м биіктіктегі негіз үстіне орнатылған балкондары бар, 6 қабаттан тұратын қоңыраулы мұнараға айналды. Бірінші қабаты тұтас қабырғалардан тұрады. Ал үстіңгі алты қабаты аркада әдісімен, колонналармен әшекейленген. 1964 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін мұнараны қисайған қалпында құлатпай ұстап тұруға бағытталған іс-шаралар атқарылуда.



Мұнара ең аласа нүктесінің биіктігі жер бетінен 55,86 м болса ең биік нүктесі - 56,7 м. Табанының ені 4,09 м ал төбесінікі - 2,48 м. Массасы 14453 т. Қазіргі көлбеулігі 5 ° Ш. (4,9 м-ге жуық вертикаль бағыттан ауытқыған). Мұнарада 294 баспалдақтары бар.



- Мұнарада музыкалық гамманы құрайтын жеті қоңырау орнатылған. Пиза орта ғасыр кезеңінде қоңыраулар мұнарасы деп те аталған. - Пиза мұнарасы жыл сайын 7-10 миллиметрге қисаяды. - Бүгінде мұнара тек италиялықтардың емес, әлемдік деңгейдегі сәулет өнерінің мәңгі мұрасы саналады. Көптеген адамдар мұнараны жеке сәулет нысаны деп біледі. Расында бұл Санта-Мария Ассунта соборының бір бөлігі. - Белгілі ғалым Галилео Галилей Пиза қаласында дүниеге келген және Пиза мұнарасын өз тәжірибелерінде қолданған. - АҚШ-тың Чикаго қаласында Пиза мұнарасының кіші көшірмесі салынған. Америкалық нұсқа су тарту қызметін атқаратын сәулет нысаны ретінде салынған. - Көптеген туристер мұнараны көру үшін шетел асып келеді. Оның ішін тамашалау құны – 10 еуро





